КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 09 шілде Іс №7119-24-00-2/7817 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Э.Е.Ебенбаева оңайлатылған (жазбаша) тәртібінде электронды азаматтық ісін қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Астана қаласы әкімдігінің «Мамандандырылған балалар үйі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Marsel2019» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 117, 223-226, 267-4-баптарын басшылыққа алып,

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Астана қаласы әкімдігінің «Мамандандырылған балалар үйі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің талап қоюы қанағаттандырылсын.

«Marsel2019» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Marsel2019» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 2 638 (екі мың алты жүз отыз сегіз) теңге тұрақсыздық айыбы және 1 925 (бір мың тоғыз жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья **Э. Ебенбаева**

Құжатқа қол қойылған: Ебенбаева Э. Е., 09.07.2024

Заңды күшіне енген күні: 19.08.2024, судья Ебенбаева Э. Е., 21.08.2024

7119-24-3-1/7260